



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі мектеп-интернаты) Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) мектептің дамуына ықпал ету мақсатында құрылған алқалық басқару органы болып табылады.

1.2. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі» (бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығымен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгі қағидаларын", мектеп-интернаты Жарғысын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Мектептің Қамқоршылық кеңесі туралы Осы Ереже оқу-тәрбие процесін жетілдіру, мектеп-интернаты қоғамының барлық мүшелерін мектеп-интернатының тыныс-тіршілігін ұйымдастыруға тарту, мектепті басқару жүйесінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді және қабылданды.

2. Қамқоршылық кеңестің міндеттері

2.1. Қамқоршылық кеңес білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу ісінде мектепке көмек көрсету, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, оқу-тәрбие процесін жақсарту үшін құрылады.

2.2. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеттері:

- мектепті дамыту бағдарламасын орындауға жәрдемдесу, оның мәдени, ағартушылық, білім беру, қоғамдық қызметін, мектептің стратегиялық даму жоспарын әзірлеу, жарғы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келісу;
- оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды, бағдарламаларды, жобаларды іске асыру;
- оқу-тәрбие процесіне барлық қатысушылардың: білім алушылардың, жатақхана тәрбиеленушілерінің, мұғалімдердің, ата-аналардың бірлескен қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- білім алушылардың қабілеттерін, олардың шығармашылық, зияткерлік және рухани әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау;
- оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша жұмысқа жәрдемдесу; мектепті дамытудың басым бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, материалдық-техникалық базаны жетілдіру үшін қосымша қаржы қаражатын тарту; ақша қаражатының, оның ішінде қайырымдылық қайырмалдықтарының жұмсалыу тиімділігін талдау;
- мектеп-интернатының басқа ұйымдармен, оның ішінде конференцияларды, семинарларды және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету жолымен ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу.

3. Қамқоршылық кеңесті құрамы, кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

- 3.1. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия) сайлайды. Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.
- 3.2. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.
- 3.3. Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.
- 3.4. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.
- 3.5. Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссияның хатшысы болып табылады.
- 3.6. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі заңды болып есептеледі.
- 3.7. Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 3.8. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.
- 3.9. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және білім беру ұйымдарында орналастырылады.
- 3.10. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.
- 3.11. Қамқоршылық кеңесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.
- 3.12. Қамқоршылық кеңес еріктілік, оған қатысушылардың тең құқылығы, заңдылық және жариялылық принциптерінің негізінде әрекет етеді.

4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

- 4.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:
- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;
 - 2) білім беру ұйымы таратылған және қайта ұйымдастырылған кезде;
 - 3) Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
 - 4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады.
34. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:
- 1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);
 - 2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.